

## Карантин белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Атырау облысы Атырау қаласы Атырау ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 239 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 мамырда № 4152 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы Атырау ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 03 шілдедегі № 351 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы Атырау ауылдық округі әкімінің 03.07.2018 № 351 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және 2018 жылғы 13 ақпандағы № 01-6/66 "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Атырау қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының ұсынысы негізінде Атырау ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау ауылдық округінің "Судоремонтник" бағбандық қоғамы № 100 учаскесі иелігіндегі мүйізді ірі қара малдары арасынан қарасан ауруының пайда болуына байланысты жеке сектор аумағына карантин белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Атырау ауылдық округінің әкімі*

*А. Құмаров*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Атырау қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының у.м.а.*

*А. Муратова*

*2018 жылғы "11" мамыр*

*Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "№ 4 Атырау қалалық*

емханасы" шаруашылық жүргізу  
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік  
кәсіпорны директорының у.м.а  
2018 жылғы "11" мамыр

М. Өтеғалиева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК